# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

26 желтоқсан 2025 жылғы № 7527-25-00-2/17727 іс Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судья А.Н.Абишеваның төрағалық етуімен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Жан-Сая» дағдарыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Kanatovna» Серікболова Алуа Қанатқызы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223–226, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Жан-Сая» дағдарыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Kanatovna» Серікболова Алуа Қанатқызын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Kanatovna» Серікболова Алуа Қанатқызын, ЖСН 040415601060, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкерден «Kanatovna» Серікболова Алуа Қанатқызы «Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы «Жан-Сая» дағдарыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік

мекемесінің пайдасына 990 (тоғыз жүз тоқсан) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкерден «Kanatovna» Серікболова Алуа Қанатқызы мемлекет кірісіне 1 996 (бір мың тоғыз жүз тоқсан алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге апелляциялық шағым берілуі, прокурор осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотына апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

**Судья** **А.Н.Абишева**

Құжатқа қол қойылған: Абишева А. Н., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 02.02.2026, судья Абишева А. Н., 04.02.2026

7527-25-3-1/20706